

АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ШЫҰ-НЫҢ РӨЛІ

Әліпбаев А.Р., Бөжеева Б.З.

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы, Алматы қ.
e-mail: aman19@mail.ru

Түйіндеме: Мақалада ОА елдерінің мәселелерін шешуде, сондай-ақ аймақтық қауіпсіздік саласында ерекше тәсілдерді көрсетіп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлі мен мәні қарастырылады. ШЫҰ-ға мүше-елдердің пікірінше, бұл саладағы қазіргі кезеңдегі қауіп-қатерлер "бес зұлымдықтан" шығады: экстремизм, лаңкестік, сепаратизм, есірткі тасымалы мен тұрғындардың заңсыз көші-қоны. ШЫҰ-ның интеграциялық күш-жігері ең алдымен осы қауіп-қатерлермен бірлесе күресуге бағытталған. Сондай-ақ бүгінгі қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Батыстың ТМД елдеріндегі және ҚХР -дағы ішкі саяси жағдайды тұрақсыздандыруға қатысты тым қатаң әрекеттері ең алдымен кері әсер етіп, қайта ШЫҰ-ның қауіпсіздік жөніндегі тиімді аймақтық ұйым ретінде қалыптасуына ықпал етері анық.

Тірек сөздер: ШЫҰ, қауіпсіздік, экстремизм, лаңкестік, геосаясат.

Аннотация: В статье рассматривается роль и значение Шанхайской организации сотрудничества, которая демонстрирует неординарные подходы к решению проблем стран ЦА, в том числе в области региональной безопасности. По мнению государств-членов ШОС, современные угрозы в данной сфере исходят от "пяти зол": экстремизма, терроризма, сепаратизма, наркотрафика и незаконной миграции населения. Интеграционные усилия ШОС направлены прежде всего на совместную борьбу с этими угрозами. Также учитывая складывающуюся ситуацию, надо полагать, что крайне агрессивные действия Запада по дестабилизации внутривосточной обстановки в странах СНГ и в КНР, скорее всего вызовут обратный эффект и будут способствовать скорейшему становлению ШОС в качестве эффективной региональной организации по безопасности.

Ключевые слова: ШОС, безопасность, экстремизм, терроризм, геополитика.

Abstract: The article discusses the role and significance of the Shanghai cooperation organization, which demonstrates innovative approaches to solving problems of the Central Asian countries, including in the area of regional security. In the opinion of the member States of the SCO, today's threats in this area come from the "five evils": extremism, terrorism, separatism, drug trafficking and illegal migration. SCO integration efforts are primarily aimed at jointly combating these threats. Also considering the evolving situation, we must assume that the extremely aggressive actions of the West to destabilize the political situation in the CIS and in China, is likely to cause the opposite effect and will contribute to the early formation of the SCO as an effective regional security organization.

Keywords: the SCO, security, extremism, terrorism, geopolitics.

该条讨论的作用和重要意义的上海合作组织的合作, 这表明创新的办法解决问题的中亚国家, 包括在区域安全。 在会认为, 会员国对本组织今天的威胁在这一领域的来自于"五个邪恶": 极端主义、恐怖主义、分裂主义、毒品贩运和非法移民。 上海合作组织一体化努力的主要目的是共同打击这些威胁。 还考虑到不断变化的局势, 我们必须承担起这一极其侵略行动的西部稳定的政治局势在独立国家联合体中关系以及在中国, 可能造成相反的效果, 将有助于早日建立上海合作组织作为一个有效的区域安全组织。

关键词: 上海合作组织, 安全, 极端主义, 恐怖主义, 地缘政治学。

Қазіргі кезеңде әлемдік саяси және экономикалық жүйедегі Азияның рөлі де өсуде, сонымен бірге әлемдегі тұрақтылықты сақтау үшін аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңыздылығы да арта түсуде. Бұл ретте қауіпсіздікке төнетін қатердің екі үрдісін айқындауға болады: геосаяси ығыстыру мен аймақтың қарулануы. Геосаяси ығыстыру үрдісінің кең етек алуына «қырғи-қабак» соғыстың аяқталуына байланысты Азияның екі басты мемлекеттің бақталастық аясынан шығуы басты себеп болды. XX ғасырдың 90-жылдарының басындағы Ресейдің Азиядағы қатысуының күрт қысқаруы экономикалық тұрғыдан дами түскен Қытайдың кең шеңберде әрекет етуіне мүмкіндік туғызды. Қытай сыртқы саясатын жаңа арнада қайта құрып, аймақтағы жетекші елге айналды. Үндістан болса Кеңестер Одағы тарашынан одақтасын жоғалтуына қарай, енді Батыспен жақындасу мақсатында әлде қайда икемді саясатқа көшті.

Аймақтағы қауіпсіздік құрылымындағы екінші басты ел - АҚШ-тың да ықпалы өте зор еді, ал Қытайдың қазіргі кезде нығая түсуі бұл ықпалды әлсірете түсері айқын. Қытай мен Үндістан, Қытай мен Жапония арасындағы бақталастық, сондай-ақ Ресей мен Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің